

БҰЙРЫҚ

01.09.2023 № 70

Дарья кенті

ПРИКАЗ

поселок Дарья

**Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу
жұмыстарын насихаттау
және жұмыс жоспарын бекіту туралы**

- Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңының 1 бап, 2, 3 тармақтарын, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 04.08.2010 ж № 266-IV Заңын, «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**
1. 2023-2024 оқу жылында Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмысын жүргізу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілсін.
 2. Мектепте оқушылардың, педагогтардың, ата-аналардың діни сауаттылығын жетілдіру және қауіпсіздік жұмыстарын арттыру мақсатында жыл бойы іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілсін
 3. Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарс күрес» заңымен мұғалімдер ұжымы таныстырылып «Сенім телефоны» жұмысы қалыптастырылсын
 4. Ұлтаралық татулықты насихаттайтын тақырыптық ата-аналар жиналыстары өтікілсін
 5. Сабақтан бос ауақытында оқушыларды діни бірлестіктерде болуын бақылау мақсатында құқық қорғау ұйымдары мамандарымен рейдтер жүргізілсін
 6. Оқушылар арасында психологиялық тренингтер өткізілсін
 7. Мектеп қызметкерлерімен оқу-жаттықтыру сабақтары өткізілсін
 8. Мектеп вахта және техникалық қызметкерлерімен қауіпсіздік жұмыстары өткізіліп, журналы жүргізілсін
 9. Төтенше жағдай және діни басқарма өкілдерімен тақырыптық кездесулер өткізілсін
 10. Бұйрықтың орындалысы және дінтану пәнінің мұғалімі З. Аманжолға және шаруашылық меңгерушісі А. Карибаеваға жүктелсін.
 11. Бұйрықтың орындалысын қадағалау тәрбие ісінің орынбасары Ф. Даткинаға жүктелсін.

Негізі: Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу

Директор



Р. Жакупова

Дарья ЖББМ директорының
« 31 » 09 2023 ж. № 70
бұйрығына қосымша-1

**Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттау
топтың құрамы**

- директор Р.Жакупова
- ДТІЖО Ф.Даткина
- АӘДТ пәнінің оқытушысы Б.Колдасбаев
- дінтану пәнінің мұғалімі З.Аманжол
- психолог К.Кадиркулова



**Дарья жалпы білім беру мектебі бойынша терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Іс-шара атауы	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Оқушыларға, қызметкерлерге, мұғалімдерге террористік акт қауіпі кезіндегі халықтың іс-әрекеті бойынша жадынамамен таныстыру, тарату	жадынама	қыркүйек	АӘД пән мұғалімі Колдасбаев.Б.А.
2.	Терроризм, экстремизм төтенше жағдайларында оқушылардың, мұғалімдердің, қызметкерлердің қауіпсіздігін алдын-алу бойынша эвакуациялау жұмыстарын жүргізу	Эвакуациялау жұмысы	Тоқсанына бір рет	АӘД пән мұғалімі Колдасбаев.Б.А.
3.	18 қазан "Рухани келісім күні"	тәрбие сағаты	қазан	ДТДЖО Даткина Ф.К. Сынып жетекшілер
4.	"Рухани келісім халық бірлігіне бастар жол"	тәрбие сағаты	қазан	ДТДЖО Даткина Ф.К. Сынып жетекшілер
5.	"Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу" 8-11	кездесу	қараша	Сыздыкбекова Г.А.
6.	"Абайлаңыз, лаңкестік!"	нұсқаулық	қаңтар	ДТДЖО Даткина Ф.К. АӘД пән мұғалімі Колдасбаев Б.А.
7.	"Лаңкестік және діни экстремизм дегеніміз не?"	дөңгелек үстел	ақпан	Аманжол З
8.	«Қазіргі замандағы дін»	танымдық сабақ	наурыз	Сыздыкбекова Г.А.
9.	Терроризм деген не? Өзінді қалай қорғауға болады?	сауалнама	сәуір	ДТДЖО Даткина Ф.К.
10.	Жарылғыш қондырғысына ұқсас зат табылған кездегі іс-әрекеттер	әңгімелесу	мамыр	АӘД пән мұғалімі Колдасбаев Б.А.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

 Ф.Даткина

Хаттама № 1

Дарья ЖББ мектебі

Өткізілген уақыты: 25.09.2023 жыл

Өткізілген орны: Директор кабинеті

Отырыстың басталуы: 15.00 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 16.00 сағ.

Қатысқандар: Мектеп директоры – Жакупова Р.Т.

Тәрбие ісінің орынбасары: Даткина Ф.К.

Мектеп қызметкерлері-17

Мұғалімдер-27

Оқушылар - 74

Күн тәртібі:

1. Оқушыларға, қызметкерлерге, мұғалімдерге террористік акт қауіпі кезіндегі халықтың іс-әрекеті бойынша жадынамамен таныстыру, тарату.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиналыс төрайымы мектеп директоры Р.Жакупова терроризмге сипаттама бере отырып, қазіргі уақытта терроризмнің бүкіл адамзатқа төнген басты қауіптің бірі екенін айтып, оған қарсы күресті күшейтуге бағытталған озық үлгідегі заңнамалық базаның мемлекетімізде жасалғанын және оған қарсы күрес жүргізу тәуелсіз еліміз үшін маңызды мәселе болып отырғанын, террористік тұрғыдан осал объектіге жататын мекеме аумағында тиісті қауіпсіздік шараларын құзырлы органдармен келісе отырып жасау керектігі туралы айта келе алғашқы сөзді тәрбие ісінің орынбасары Ф.Даткинаға берді. Сонымен бірге терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидаттары мен мақсаттары, терроризм профилактикасы, терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты туралы кеңінен түсініктемелер беріп өтті. Егер сіз көлікте, көшеде, аялдамада, пәтерде басқа қоғамдық орында белгісіз, сезікті зат, қорап немесе сөмке, портфель тауып алсаңыз;

- оған тиіспеңіз, ұстамаңыз, ашпаңыз;
- қасына жақындамаңыз, жылжытпаңыз;
- сезікті затқа сұйықты құймаңыз, ұнтақ төкпеңіз;
- полицияға "102" телефонына хабарлаңыз.

Егер көшеде терроризм актісі орын алса:

- жарылыс болған жерге бармаңыз;
- оқиға болған жерден аулақ жүріңіз;
- ғимараттың бұрышына жасырыныңыз;

-зардап шеккендерді құтқарыңыз;

Егер ғимаратта терроризм актісі орын алса:

-дереу еденге жатыңыз, басыңызды бүркеңіз;

-терезелерден, шкафтар мен сөрелерден аулақ болыңыз;

-әйнекпен қапталған қабырғадан аулақ болыңыз;

-есік ойығына,көтергіш, қабырғаға жақын болыңыз.

Әлеуеттік қауіп жағдайларында немесе террористік акт жасалғанда, сондай-ақ терроризмге қарсы операция жағдайларында азаматтардың іс-қимылына жалпы ұсынымдармен таныстырып өтті. Күдікті адамдарға, заттарға, кез келген күдікті ұсақ-түйектерге назар аударыңыздар. Барлық күдікті нәрселер туралы құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне хабарлаңыз. Бейтаныс адамдардан пакеттер мен сөмкелер ешқашан қабылдамаңыздар, өз қолжүктеріңізді қараусыз қалдырмаңыз.

Сонымен қатар АӘД пән мұғалімі Б.Колдасбаев сөз алды. Эвакуация туралы ақпарат түскен жағдайда;

- сабырлық сақтаңыз;

- құқық қорғау органдарының нұсқауларын орынданыз;

-нақты асығыстық және әбігерсіз ғимараттан шығыңыз;

- киініп, бөгелеп қалған әріптестеріңізге көмектесіңіз;

- шыққан адамдарды түгендеңіз.


Дайындалып жатқан теракт туралы кездейсоқ білсеңіз, бұл туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз деп айтып өтті.

Қаулы:

1.Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары бойынша айтылған ұстанымдар орындалып, қауіпсіздік шараларын құзырлы органдармен бірлесе отырып орындалсын.

2.Теракт туралы кездейсоқ білсе бұл туралы дереу құқық қорғау органдарына дереу хабарлансын

Жиналыс төрайымы
Хатшы



Р.Жакупова
З.Аманжол

Хаттама № 2
Дарья ЖББ мектебі

Өткізілген уақыты: 01.12.2023 жыл

Қатысқандар: Мектеп директоры – Жакупова Р.Т.
Тәрбие ісінің орынбасары: Даткина Ф.К.

Мектеп қызметкерлері, мұғалімдер, оқушылар

Күн тәртібі:

1. Өрт кезіндегі эвакуациялау бойынша оқушылардың, мұғалімдердің, қызметкерлердің қауіпсіздігін алдын-алу бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу.


Тыңдалды:

АӨД пән мұғалімі Б.Колдасбаев сөз алды. 01.12.2023 жылы өрт кезіндегі эвакуациялау бойынша оқушылардың, мұғалімдердің, қызметкерлердің қауіпсіздігін алдын-алу бойынша оқу-жаттығу іс-шарасы жүргізілді. Аталмыш дабыл мектебімізде сағат 10.45-те 4-ші сабақ кезінде жүргізілді. Оқу-жаттығу кезінде барлық оқушылар белгіленген уақытта мектептен шығып үлгеріп, эвакуация жоспары бойынша мектептің алдыңғы алаңына жиналды. АӨД пән мұғалімі Б.Колдасбаев оқу-жаттығу жұмысы бойынша мектеп директоры Р.Жакуповаға есеп берді. Қорытынды саптық жиыннан кейін сабақ қайта басталды. Мектепке аталған іс-шара бойынша оң баға берілді .

Қаулы:

Оқу-жаттығулары алдағы уақытта да жоспарға сәйкес жүргізіліп отырсын.

Жиналыс төрайымы
Хатшы






Р.Жакупова
З.Аманжол

«Дарья жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша террористік іс-әрекетке қарсы жағдайда және мектеп ішінде өрт шыққан жағдайда оқушылардың, мұғалімдердің және тех қызметкерлердің сыртқа шығуы жөнінде өткізілген мектепшілік оқу-жаттығуы.



2023-2024 оқу жылы

Жоспар бойынша мектепте терроризм, экстремизм төтенше жағдайларында оқушылардың, мұғалімдердің, қызметкерлердің қауіпсіздігін алдын алу бойынша эвакуация жұмысарын жүргізді. Кезекші мұғалім «дабыл» соғып, оқушылар, мұғалімдер және оның ішінде ер мұғалімдер қауіпті аумақты жаққа баратын жол тегісімен бақылауға алынып оның маңайындағы дәрісханада сабақ оқып жатқан оқушыларды және мұғалімдерді сыртқа шығаруына көмектеседі



Алдымен жаттығуға басшылық жасайтын адам, «дабыл» белгісін береді ол үшін мектеп ішінде орналасқан өртке қарсы жүйені іске қосады немесе қоңырау соғатын құрылғы арқылы үш мәрте дабыл соғады.



Одан әрі әр қабатта орналасқан сыртқа шығу схемасы бойынша әрекет етеді, алдымен 1 қабатта орналасқан сыныптар сыртқа шығарылады, өздерінің оқушыларды түгендеу журналымен қоса.



Мектеп электрігі мектепті тоқ көзінен ажыратуға әрекет етеді. Кезекші мұғалімдер мектептен сыртқа шығатын бүкіл есіктердің ашылуын қамтамасыз етеді




Соңында сыртқа 2 қабатта орналасқан оқушылармен мұғалімдер сыртқа шығарылады.




Кезекші мұғалімдермен оқу жаттығуына жауапты мектепте адам қалып қоймағанына көз жеткігеннен соң, сыртқа шыққан оқушылар, мұғалімдер және тех қызметкерлер мектептен кемінде 100 метрге дейін жерге барып мектептен сыртқа шыққан адамдарды сапқа тұрғызып түгендеу бастайды бастауышты жоғарыда айтылғандай оқушыларды түгендеу журналы бойынша 5-11 сыныптарды оқушыларды түгендеу журналы бойынша, ол журналдар бекітілегн адамдарда болады. АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Колдасбаев Болат мектеп басшысына мәлімдеме жасады.

«Дарья жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша 1-11 сынып оқушыларымен және мұғалімдерге террористік акт қауіпті кезіндегі халықтың іс әрекеті бойынша жадынамамен таныстру тарату

2023-2024 оқу жылы



Оқушыларға террористік іс-әрекетке қарсы жаднамасы жайлы әңгіме жүргізу сәттері.



Оқушыларға жедел қызметтерінің телефон номерлері, жарылғыш құрылғыларының белгілері, оттық және сіріңкемен ойнамаймыз ойыннан от шығады, жарылғыш құрылғыларының белгілері, ғимаратта террористік орын алса түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Мектеп басшылығымен мұғалімдерге, тех жұмыскерлерге видео фильмдер көрсетіліп, мекемеде өрт болған жағдайда, үрейсіз әрекет ету түсіндірме жұмыстары айтылды.

Өткізген АӘДТ пәнінің оқытушы-ұйымдаструшы Колдасбаев.Б.А